

САПА САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

2025 жыл 4 тамыз

Алматы қ.

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ КАЧЕСТВА

№ _____

г. Алматы

Әлеуметтік жұмыстар секторының 2025-2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары

Әлеуметтік жұмыстар секторының сапа саласындағы мақсаттары ҚР МАМ МК «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ (бұдан әрі – Консерватория) 2025–2026 оқу жылына арналған қызметін үйлестіру, әлеуметтік жұмыстарды жүйелі түрде жоспарлау және олардың орындалуын қамтамасыз ету болып табылады, оның ішінде:

1. Білім алушылардың басқарушылық, әкімшілік және коммуникациялық құзыреттерін дамыту үшін олардың Консерваторияның әлеуметтік іс-шараларына қатысуына жағдай жасау;

2. Студенттердің әлеуметтік жағдайын бағалау бойынша сауалнамалар, талдаулар мен мониторингтер жүргізу;

3. Әлеуметтік көмек пен жеңілдіктерге өтініштерді қабылдау және рәсімдеуді ұйымдастыру;

4. Жатақханаға орналастыру, медициналық тексеру, ONAY картасы, ID-карталар, тіркеу мен әлеуметтік мәртебе бойынша құжаттармен қамтамасыз ету сияқты негізгі қызмет бағыттарының сапасын бақылау;

5. Ішкі және сыртқы серіктестермен (деканаттар, кафедралар, әкімдік, медициналық ұйымдар және т.б.) тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

6. Жұмыс сапасын арттыру мақсатында кері байланыс жүйесін енгізу және оны тұрақты жетілдіру;

7. Қызметкерлердің құжаттамалық жауапкершілігін, этикалық ұстанымдарын және сапа менеджменті талаптарын сақтау.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар
жөніндегі проректор



Н.Т. Кулданов

Әлеуметтік тәрбие жұмысы және
жастар саясаты қызметінің басшысы



Ж.Ж. Ысқақов

Әлеуметтік жұмыстар
секторының басшысы

М. Қуатханқызы